

*Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стоматология факультеті
Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы*



Тақырыбы: *АИИ – да кездесетін грам оң (+)
бактериялар*

Қабылдаған: Мусаева Алия
2019

Жоспары

- АИИ дегеніміз не ?
- АИИ қоздырғыштары
- Грам оң бактериялар
- Грам оң бактериялардың жіктелуі
- Алдын алу жолдары
- Пайдаланлған әдебиеттер

АИИ дегеніміз не ?

Аурухана ішілік инфекциялар - бүкіл әлемдегі денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Бұлардың тигізетін әлеуметтік-экономикалық зардабы өте үлкен. Қазіргі кездегі емдеу-диагностикалық технологиялардың жетістіктеріне қарамастан, АИИ мәселесі медициналық және әлеуметтік қажеттікті бұрынғыдан да көп керек етеді. Өзіміздің және шетел зерттеушілерінің мәліметтеріне қарайтын болсақ, АИИ ауруханада жатқан адамдардың 5-20% кездеседі.

АИ қоздырғыштары

Ауруханаішілік инфекцияның қоздырғыштары
Қазіргі заманғы ауруханаішілік инфекцияларды
клиникалық хирургияда әр түрлі микроорганизмдер
тудырады, себебі олар осы аурухана ішінде кең спектрлі
антибактериялық дәрілер қолданылып жүрген ортада
тіршілік етеді және олардың клиникалық көрінісінің негізі
сепсистік және іріңді зақымдану синдромдарымен білінеді.
Ауруханаішілік инфекцияның негізгі қоздырғыштарына
грам-оң бактериялар жатады, әсіресе көп жағдайда
антибиотиктерге резистентті алтын стафилококк, көкірің
таяқшалары, протей, ішек таяқшалары, клебсиялар,
серрацилар, кандида саңырауқұлағы болып келеді.
Ауруханаішілік инфекциялардың ішінде ең жиі кездесетіні
стафилококктар.

Грам оң(+) бактериялар

Грам оң бактериялар жасуша қабырғасы бір қалыпты құрылымға, иілгіш қабатқа жұқа және регидты қабатпен ковалентті байланысқан, ол Грам теріс бактерияларға қарағанда қалың /20-60 нм/. Қабырғаның негізгі мөлшері пептидогликан болып табылады, ол бірнеше 5-6 қабаттан тұрады. Жасуша қабырғасында микол қышқылы болады оның құрамында техой қышқылы болады. Грам оң бактерияларының пептидогликанының ерекшелігі ол жерде диаминопиелинді қышқылы жоқ. Жасуша қабырғасында липополисахарид жоқ.

Стафилококктар

- бактериялардың ішінде кең тараған топтарының бірі
- 100 С температурада бір сағат ішінде өледі. Көбеюге оңтайлы температура 37-40 С.
- тез бұзылатын тағам өнімдерінде бірден көбейеді.
- кремнен жасалған тәтті өнімдер, көкөніс және еттен жасалған салаттар, сүт және сүт өнімдері, майға жасалған балық консервілері, дайын аспаздық өнімдерде болады
- өнімдердің органолептикалық қасиеті (дәмі, түсі, иісі) өзгермейді.
- Көбею процессінде тағамдағы қоздырғыш тамақтан улануды тудыратын энтеротоксин-уын бөледі.

Алдын алу

Микробтар (қатынасқан кезде қоларқылын емес ауалы-тамшылы жолмен) маститпен ауыратын жануарлар (сиыр, ешкі) арқылы адамдарға таралады. Стафилококк уыттарының алдын алу, қоздырғыштардың тағам өнімдеріне түсу мүмкіндігін болдырмау мақсатында іс-шаралар жүргізіп, стафилококктың дамуын және өнімдерде энтеротоксиннің жиналуын тежейтін жағдайларды тудыру қажет. Мынаны ескерген жөн, стафилококк энтеротоксині 1,5 сағат бойы 96-98 С температурада үздіксіз қайнатқан жағдайда өмір сүру қабілетінен айырылады. Терінің іріңді, жоғары тыныс алу жолдарының асқыну процесстеріне шалдыққан адамдарды тағам өнімдерін дайындауға жібермеу қажет. Тағам өнімдері мен тағамдардың технологиялық процесстерін және дайындаудың термикалық өңделуін, өндірістік үй-жайларының, технологиялық жабдықтың және мүліктің санитариялық жағдайын, дайын тағамдардың сақталу жағдайлары мен іске асыру мерзімдерін сақтау қажет.

Стрептококк

- Грам оң хемоорганотропты факультативты анаэробты аспороген туысының бактериялары.
- Терісі іріңдеп қабынған (тілме) науқастан ,іріңді аурумен сепсис болғанда стрептококктарды табады.
- Жануарлар мен адамдардың паразиттері болып табылады. Көбінесе, ас қорыту және тыныс жолдарында, көп жағдайда ауыз және мұрын қуысында көптеп кездеседі.
- Патогенді стрептококктар инфекция тудыруға қабілетті. Көптеген аурулар туғызады. Мысалы: тілме, қызамық, жәй мұрын қуысының қабынуларын, сонымен қатар, пневмония, септикопиемия, сепсис сияқты ауыр ауруларды да тудыруға қабілетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Терапиялық стоматология. Мезгілбаева Д.М..
- Тіс ауруларын алдын алу.
- Интернет парақшалары.